

«Ел иесі, Жер киесі - Пір Бекет!» атты халықаралық-ғылыми теориялық конференциясының ұйымдастыру алқасының, төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Бекет Тұрғараевтың кіріспе сөзі

Заманының ұлы сопысы

«Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деп халқымыз айрықша қастерлейтін Бекет ата Мырзағұлұлының 260 жылдығына орай әруақты бабаны еске алып, ас беруден қашанда ұлыстың ұйытқысы болған Оңтүстік те шет қалған жоқ.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері, ел азаматы Бекет Тұрғараевтың бастамасымен Шымкентте ауқымды деңгейде іс-шара ұйымдастырылды. «Жалпы, баба рухына құрмет көрсету туралы ой Ақтау қаласында туындады.

Бекет атаға бағышталған кешкі қонақасыда Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген азаматтардың атынан Бекет Тұрғараевқа сөз берілді. Ол өз сөзінде Бекет атаның атын иемденгеніне 63 жыл болғанын, осы жылдар ішінде баба атына кір келтірмей еңбек еткенін айта келе, батыр бабаның 260 жылдығын енді Шымкент қаласында атап өту жайлы ниетін білдірді. Дүйім жұрт осынау игі ұсынысты қуана қабылдады», - дейді Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбдірахман Омбаев. Осыдан соң ғалымдардың баяндамаларына кезек берілді.

Профессор Ө. Озғанбаев, өзбекстандық ғалым К. Құдайбергенов, Еуразия университетінің оқытушысы, математик Н. Темірғалиев, Қызылорда облысы ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов, Қ. Ясауи атындағы ХҚТУ проректоры, профессор Құлбек Ергөбек, түріктің теолог-ғалымы Ысмайыл Чалышқан тағы басқалары баяндама жасады.

Ұлттық тұлғаны бір кездері «діни тұлға» деп, кеңес билігі оны мүлдем тарихтан сызып тастағысы-ақ келді. Бірақ халықтың жүрегіндегі Бекет ата жағып кеткен отты ешкімнің қауқары жетпеді. Ал тәуелсіздікпен бірге әулие баба елінің ортасына қайта оралды.

Ол туралы тың деректер шыға бастады. Шымкент қалалық атқару комитетінің 1991 жылғы 21 мамырдағы шешімімен шаһардағы 30 лет ВЛКСМ көшесінің атауы тарих қойнауына кетіп, «Бекет батыр» атын иемденді.***

Баршаңыз қасиетті Бекет Мырзағұлұлының 260 жылдық мерейтойына байланысты Шымкент қаласында Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан облыстарының бірлесіп өткізіп отырған мәдени-рухани шарасына қош келдіңіздер.

Ұлтымыздың ынтымақ бірлігін нығайту жолында саналы ғұмырларын сарп еткен әулие-әмбиелерімізбен, орақ тілді, от ауызды билеріміздің, ұлан даламызды басқыншылардан қорғау жолында шейіт кеткен батырларымыздың, ұрпақтар санасынан ұмыт бола бастаған ардақты есімдерін қайта жаңғырту үстіндеміз.

«Біздің заманымыз өткен заманның баласы, келер заманның атасы» - деп Ахмет Байтұрсынов айтқан, кешегісіз бүгін жоқ. Тарихын ұлықтамаған, барын бағаламаған жұрттың бағы жанып, жоғы түгенделмейді. Қазақ өз тарихында ұлт ретінде талай мәрте жойылып кете жаздап, тағдырдың талай ащы зарымен тауқыметін тартты.

Тәуелсіздікке дейінгі аралықта халқымыздың аумалы-төкпелі тағдыры, арманымен аңсары, арпалысқа толы күресі жатыр. Мұның бәрі ұмытуға болмайтын төл тарихымыздың қастерлі беттері, қасіретті тағдыры.

Тәуелсіз мемлекетімізді төрткүл дүние танып, тарихымызды түгендеп жатқан кезінде еліміздің бостандығымен береке бірлігін әлімсақтан ойлаған баһадүр бабаларымыздың есімдерімен қадір-қасиетке толы өмір жолдарын бүгінгі жас буынның біліп өсуі парыз. Ғасырлар бойы халқымыз арман еткен егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздіктің туы тігілген еліміз ұлан байтақ жердің толыққанды иесі атанып, ежелден қалған ұлы істердің, іргелі мемлекеттің заңды мұрагері болып отырған шақта, тарих қойнауында аты беймәлім болып қалып бара жатқан тұлғалардың есімдері әйгіленіп, тарихта алар орны зерттеліп, зерделенуде.

Кәрі Каспийдің жағасындағы 360 әулие мекендеген аймақты «аспан астындағы мұражай» деп бекерге айтпайды екен, қайда барсаңда тарихтың ізі сайрап жатыр. Облыс орталығының үш жүз шақырымдай жердегі Оғыландыдағы Бекет бабаға зиярат етушілердің саны есепсіз.

Заманымыздың заңғар жазушысы, сөз зергері Әбіш аға Кекілбайұлы Бекет ата «қиянатқа жол бермес әділдіктің, күпірлікке жол бермес адалдықтың, қараулыққа жол бермес шапағаттылықтың, қатыгездікке жол бермес мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес парасаттылықтың асқан үлгісін танытқан, еліміздің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген азамат, жаудан елді арашылаған батыр, даудағы әділетті арашылаған қазы, озбырлықтан обал мен сауапты арашылаған пірадар әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқан, сасқанға

сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел иесі, жер киесі» деп ұлттың ұлы тұлғасы екендігін ерекше ашып көрсетті.

Халық арасында «Мәдинада - Мухаммед, Түркістанда - Қожа Ахмет, Маңғыстауда - Пір Бекет», - деген баталы сөз бар. Осыдан-ақ, Бекет атамyzдың өз заманындағы айналасына ізгіліктің сәулесін шашқан терең ғұлама болғандығын аңғарамыз. Саналы ғұмырында өз ортасына қанағаттың, мейірімнің, адамгершіліктің, тәубенің нұрын шашып, әулиеліктің «гаус» делінетін ең жоғарғы сатысына көтеріліп, аса биік мәртебе «машайық» дәрежесіне жетіп, «заманының ұлы сопысы» атағын алған рухани ұстаз Пір Бекет атамyzдың 260 жылдық мерейтойы Республика көлемінде кең түрде атап өтілді.

Оған ерекше мән беріп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың құттықтау хат жолдауы қазақстандықтардың, күллі ислам әлемінің жүрегіне жылылық құйып, исламның өркениеті идеяларын ілгерілетуге ықпал етті.

Қымбатты халайық! 1993 жылдың 28 мамырында қасиетті Ордабасыда 18 ғасырдың аса ірі мемлекет қайраткерлері Төле биді, Қазыбек биді, Әйтеке биді еске алуға арналған салтанатты жиында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Бізді де бұл киелі төрге арманды тілек, елім деген перзенттік жүрек алып келіп отыр.

Біздің де ойлағанымыз - бірлік. Біздің де аңсарымыз - еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат - бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі мақсатта дәл сол», - деп еді. Мемлекетіміздің нығайып, көркеюі үшін ең бастысы ұлтымыздың өзара ауызбіршілігінің аса қажет екенін осы жылдар аралығында мықтап сезіндік. Бекет ата сынды барша ел қадір тұтып, ардақтайтын ғұламаның мерейтойы, мерекелік асы халқымыздың ауыз бірлігін арттыра түсуге ықпал ететініне сеніміміз мол. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Қазақстанда бірнеше рет өтуінің өзі, еліміз әлемдік діндердің бірлігімен ынтымақтасу арқылы жер бетінде тыныштық болуына орасан зор үлес қосуда.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік деңгейде мемлекет құрды, Қазақстанды табысты және прогресшіл ел жасады. Біздің еліміз тыныштық пен тұрақшылдықты сақтау ісіне орасан күш-жігер жұмсауды Қазақстанның тәуелсіздігімен мемлекеттігін, ұйыған береке бірлігімен әлемдік бастамаларын қолдау халқымыздың асыл парызы деп біліуіміз керек.

Елдің бірлігін ынтымағын сақтай отырып, үлкенді сыйлау, кішіні қамқорлыққа алу сияқты ізгілікті жолды насихаттауымыз қажет. Бүгінде елімізде экономикалық жағдай жақсарып, тұрақтылық орныққан деп айтуға негіз бар. Енді елді рухани жағынан қолдауымыз керек.

Пір Бекет атамиздың мерейтойы ұлт тарихынан ойып орын алған Қожа Ахмет Ясауи, Баба Түкті Шашты Өзіз, Қара Бура, Домалақ ана, Бәйдібек ата, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек секілді көрнекті тұлғалардың жамбасы жерге тиген киелі Оңтүстікте қорытындыланғалы отыр.

Осынау мәдени-рухани шараны бірлесіп өткізуге тікелей қолдау көрсеткен Оңтүстік және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Асқар Мырзахметов пен Серік Біләлов мырзаларға ұйымдастыру алқасының атынан шынайы алғысымызды білдіреміз.

В статье рассматривается роль и значение мероприятий, посвященных празднованию 260 летию Бекет ата, в сохранении и возрождении культуры казахского народа.

The Role and importance of event devoted to the celebration of 260s anniversary of Beket ata, in preservation and culture revival of Kazakh people is considered in the article.